

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі  
Женгиз Томар  
«07» 04 2022 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің ректоры  
Ж.Темірбекова  
2022 ж.



## **САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ** **УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

**УЕ-ХҚТУ-111-2022**

### **ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

#### **АЛҒЫ СӨЗ**

1. Ғылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген
3. Келісілді
  - Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
  - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
  - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
  - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
  - Зан бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы К.Тубеков
4. ЕҢГІЗІЛДІ
  - 2022 ж.
  - 2024 ж.
5. Тексерілу мерзімі

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Түркістан-2022



<i>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантуралық бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттін 2-беті</i>

## МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4
5	Конкурсты ұйымдастыру тәртібі	5
6	Постдокторантуралық бағдарламасының өту талаптары	6
7	Постдокторантуралық бағдарламасының өту ережелері	6
8	Постдокторантуралық жеке жұмыс жоспарын бекіту	7
9	Постдокторантуралық аралық және корытынды аттестаудан өту талаптары	8
10	Постдокторантуралық құқықтары мен міндеттері	9
11	Постдокторантуралық бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі	10
12	Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
13	Келісу, сақтау және тарату	10
14	Қосымшалар	12
15	Танысу парагы	16
16	Өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу парагы	17

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-111-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Постдокторантуралық бағдарламасының ережесі</b>	<b>17 беттін 3-беті</b>

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетіндегі (бұдан әрі – университет) постдокторантуралық бағдарламасын жүзеге асырудың міндетті талаптары мен тәртібін анықтайды.

1.2. Бұл Ереже постдокторантуралық бағдарламасы бойынша кадрларды даярлауға қатысадын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, ФЗИ/ФЗО-лар, ғылыми, қаржылық құрылымдар және т.б.) үшін негізгі құжат болып табылады.

1.3. Постдокторантуралық бағдарламасын жүзеге асыруды камтамасыз ететін негізгі ұйымдық құрылымдарға кафедралар, факультеттер және ФЗИ/ФЗО-лар жатады. Университет деңгейінде постдокторантуралық бағдарламасының талаптарының орындалуын үйлестіруді және бакылауды университеттің Ғылым департаменті жүзеге асырады.

1.4. Постдокторантуралық бағдарламаларын іске асыру кафедралардың, факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың ғылыми зерттеу бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

1.5. УЕ-ХҚТУ-111-2022 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1. Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- КР Конституциясы;
- КР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 23-бабының 2-тармағының 3-тармақшасы;
- КР 2011 жылғы 18 акпаңдағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;
- КР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
- Университет Жарғысы;
- Регламенттер;
- КП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

## **3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1. Осы Ережеде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар колданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Постдокторантуралық бағдарламасының Ережесі;

Постдокторантуралық бағдарламасы – философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесін алған және диссертациясын алты жылдан аспайтын мерзімде қорғаған талантты зерттеушілердің колдауға арналған және конкурсстық негізде университеттің ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру шенберінде ғылыми ұжымдар құрамында зерттеу тәкырыбы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру үшін ғылыми қызметкерлерді тарту бағдарламасы;

Постдокторант – постдокторантуралық бағдарламасына конкурс негізінде қабылданған тұлға;

«Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторант – жас ғалымдардың зерттеулерін ғранттық қаржыландыруға арналған конкурстың женімпазы

Ректорат – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің ректоры және ректор өкілі;

БжFM – Білім және ғылым министрлігі;

ФЗИ/ФЗО – Ғылыми-зерттеу институты/Ғылыми-зерттеу орталығы;

ФЗТКЖ – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

КР – Қазақстан Республикасы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы;

УЕ – университет ережесі;

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттің 4-беті</i>

ПЖЖ – Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары;  
ОПҚ - профессор-окытушы күрамы.

#### **4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1. Постдокторантуралың мақсаты - білім мен ғылымды өндіріспен біркітруге бағытталған ғылыми тақырыптар мен жобалар бойынша перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін конкурстық негізде жоғары білікті және бәсекеге кабілетті зерттеушілерді калыптастыру, дарынды жас ғалымдарды университетке тарту және жас ғалымдардың үлесін арттыру.

4.2. Постдокторантуралы іске асыруға қаржыландыру сырткы үйімдардың тапсырыстары бойынша, оның ішінде гранттық және (немесе) бағдарламалық-нисаналы қаржыландыру шенберінде ғылыми жобалар болған кезде университеттің Сенат мәжілісінің қаулысымен жыл сайын белгіленеді және айқындалады. Күнтізбелік жылга арналған постдокторанттың конкурстық жиынтығының саны университеттің 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес айқындалады.

4.3. Постдокторантуралық бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы;
  - Арасынан және көрсеткіштің аттестаттау.

4.4. Постдокторантура бағдарламасына кабылдау конкурс негізінде және университеттің ОПҚ, ғылыми қызметкерлері арасында өткізіледі. Егер келесідей шарттар орындалған жағдайда, сыртқы ізденушілер конкурсқа катысуға жіберіледі.

4.4.1 Ғылыми жобаның бейіні бойынша бағыты сәйкес қелуі қажет;

4.4.2 Ғылыми зерттеулерінің бағыты Университеттің ғылыми бағытына сәйкес келуі керек;

4.4.3 Женімпаз деп танылған жағдайда шарт жасасуға және өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

4.5. Постдокторантура бағдарламасына қабылданатын зерттеушілер келесі критерийлерге сәйкес келуі қажет:

- Фылым кандидаты, фылым докторы фылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейні бойынша доктор дәрежесі немесе оған теңестірілген фылыми дәрежесі бар және постдокторантурда бағдарламасына түсу кезінде соңғы 6 (алты) жылдан аспайтын мерзімде диссертациясын корғаган болуы;

- 40 жасқа дейінгі КР азаматтары немесе шетелдік азаматтар:

- Ағылшын тілін еркін менгеруи (IELTS сертификаты 6.0 балдан төмен емес / TOEFL сертификаты 90 балдан темен емес, КР және ТМД азаматтары үшін)

- Соңғы 3 жылда Web of Science (бірінші және екінші квартильдер) немесе Scopus (процентилі 75-тен төмен емес) библиометриялық базасына кіретін халықаралық рецензияланатын базасылымдарда кемінде 3 жарияланымының болуы;

- Грантық, бағдарламалық-мақсатты және өзге де келісім-шарттық қаржыландырудың ғылыми бағдарламаларын орындау кезіндегі ғылыми қызмет үдерістеріне катысу тәжірибесі.

Конкурсқа катысуга бұрын осы бағдарламаның женімпаздары болған тұлғалар жіберілмейді.

4.6 «Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторантурға бағдарламасына тапсыратын үміткерлерді іріктеу «Жас ғалым» жобасы конкурсы ережелеріне сәйкес жүргізіледі және аралық/корытынды аттестаттаудан осы ереженің талаптарына сәйкес өтеді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті төрағасының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 151-ші бұйрығы негізінде бекітілген «Жас ғалым( жобасы конкурсы ережесі өзгеріске ұшыраған жағдайда ереженің өзгерген нұсқасы негізге алынады.

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттің 5-беті</i>

## 5. КОНКУРСТЫ ҮЙЫМДАСТАЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Университетте постдокторантуралық бағдарламасының іске асырылуын Ғылым департаменті үйлестіреді және келесілерді жүзеге асырады:

- Конкурс өткізу туралы бұйрықтар жобасын дайындау;
- Зерттеу тақырыптарының өзектілігі, тауарларды, жұмыстарды және (немесе) қызметтерді өндіру нарығының қажеттілігі;
- Жоба жетекшілерінің өтінімдерін постдокторант позициясына тіркеу және жинау;
- Постдокторант позициясына өтінімдерді жинау және ізденушілерге көнек беру;
- Әдістемелік көмек көрсету;
- Конкурстың корытындысын шығару және конкурстың корытындысы туралы бұйрық жобасын дайындау.

5.2. Ашық конкурсқа өтінім сканерленген турде мына мекен-жай бойынша қабылданады: [postdoc@ayu.edu.kz](mailto:postdoc@ayu.edu.kz) бекітілген бірыншай нысан бойынша (**1-қосымша**).

5.3. Постдокторантуралық бағдарламасына іріктеуді Университет ректорының бұйрығымен бекітілетін постдокторантуралық бойынша арнайы Конкурстық Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады. Комиссия құрамына жетекші ғалымдар, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, ұжымда беделді және ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесі, университеттің негізгі ғылыми бағыттары бойынша тәжірибесі бар ғалымдар кіруй тиіс.

5.4. Өтінімдерді бағалау критерийлері келесідей:

- Ғылыми бөлімшешінің жарияланымдық белсенділігі;
- Зерттеу тақырыптарының өзектілігі, тауарларды, жұмыстарды және (немесе) қызметтерді өндіру нарығының қажеттілігі;
- Қаржыландырылатын зерттеу жобаларының, қолданыстағы гранттардың немесе шарттардың (келісім-шарттардың) болуы;
- Постдокторантты шақыруға белсенді ғалымдардың болуы;
- Ұсынылған тақырып бойынша зерттеулерді көңейту перспективалары (оның ішінде сыртқы ресурстар есебінен);
- Постдокторанттарды жобалау жұмысына міндетті түрде қосуы;
- Арнайы ғылыми жабдыққа немесе есептеу ресурстарына (егер постдокторант жұмысы үшін қажет болса), мамандандырылған ұжымдық ғылыми зертханаларға қолжетімділіктің болуы.

Іріктеу кезінде үміткерлердің көрсеткіштері тен болған жағдайда, басымдық ғылыми-метриялық көрсеткіштері ең жоғары журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі (импакт-фактор, SJR, квартиль).

5.5. Ғылыми ұжымдар/жобалар жұмысына қатысуға ниет білдірген ізденушілер үшін постдокторант позициясына ашық конкурс жарияланады.

5.6. Ізденуші Ғылым департаментіне келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- Белгіленген нысан бойынша өтінім (**2-қосымша**);
- Ізденушінің зерттеу тақырыбы көрсетілген нақты ғылыми ұжымды/жобаны көрсете отырып, постдокторантуралық қабылдау туралы өтініші;
- Көнегілген кәсіби түйіндеме – ғылыми паспорт (**3-қосымша**);
- Жобага қатысу үшін қажетті нақты дағдыларды, жұмыс тәжірибесін ашатын уәждемелік хат (1000 белгіден артық емес);
- Зерттеу қызметі мен жарияланымдарына арналған күнтізбелік жоспары (**4-қосымша**);
- Web of Science, Scopus базаларындағы соңғы 5 жыл аралығында индекстелетін журналдардағы ең маңызды және негізгі жарияланымдардың тізімі;

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-111-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</b>		<b>17 беттін 6-беті</b>

- Фылым кандидаты, фылым докторы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі туралы дипломның көшірмесі. Ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі расталған аудармасымен болуы тиіс;

- IELTS немесе TOEFL сертификаты (IELTS сертификаты 6.0 балдан төмен емес / TOEFL сертификаты 90 балдан темен емес, ҚР және ТМД азаматтары үшін);

- Тиісті саладағы ғалым-зерттеушілерден жұмыс беруші ұйымның колдарымен және мөрімен расталған екі ұсыныс (егер мұндай мүмкіндік болса).

5.7. Барлық құжаттар электронды түрде (сканерленген түрде) мына мекен-жайға жіберіледі postdoc@ayu.edu.kz. Құжаттардың толық пакетінің болмауы ізденушіні конкурстан шыгаруға негіз болуы мүмкін. Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін түсken өтінімдер қаралмайды.

5.8. Издешілерді конкурстық іріктеуді Комиссия жүргізеді, ол туралы хаттамасы жасалады. Конкурс нәтижелері Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері:

- Издешінің конкурстың формалды талаптарына сәйкестігі;
- Издешінің соңғы 3 жылдағы жарияланымдық белсенділігі;
- Издешінің өзге де зерттеу қызметі (конференцияларға катысу, гранттар алу, ғылыми тағылымдамалар және т.с.с.);
- Издешінің зерттеу тақырыбының конкурста мәлімделген бағытқа сәйкестігі;
- Ғалымдардан алынған ұсыныстардың мазмұны.

## **6. ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАНГАН ПОСТДОКТОРАНТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

6.1. Бекітілген ізденушілермен қызмет көрсету шарты немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға еңбек шарты жасалады. Шартта постдокторантурасы өзіне жүктелген міндеттемелерді, сондай-ақ күнтізбелік жоспарды орындаған жағдайда шығындарды өтөу шарттары жазылады.

6.2. Постдокторантурасы ғалым кезеңіне арналған зерттеу қызметінің және жарияланымдардың күнтізбелік жоспарын жоба басшысының келісімі бойынша Университеттің ғылым және Стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді.

6.3. Постдокторанттар Түркістан қаласында болуы және еңбек шартының ғалым жарияланымдарынан күнтізбелік жоспарын жоба басшысының келісімі бойынша Университеттің ғылым және Стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді.

6.4. Постдокторанттар университеттің ішкі кәсіби рейтингін анықтауға катыса алады. Осы Ережемен белгіленген міндеттемелерден тыс мақалалар жарияланған жағдайда, постдокторант университеттің ішкі ережелеріне сәйкес берілетін жарияланымдарды ынталандыру сыйақысын алуға құқылы.

## **7. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

7.1. Постдокорант университетпен ғылыми жоба шенберінде белгілі бір жұмыстарды орындауга кемінде 3 (үш) жыл мерзімге еңбек шартын жасасады. Шартты 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге ұзартуға университеттің Сенат мәжілісінің оң шешімі болған жағдайда жол беріледі.

7.2. Постдокорант ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. ғылыми кеңесшілер постдокорант қабылданған күннен бастап бір ай ішінде факультеттердің немесе ФЗИ/ФЗО-лардың ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.3. ғылыми кеңесшінің ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген доцент/профессор ғылыми атагы болуы, зерттеу саласы бойынша ғылыми зерттеулермен белсенді айналысы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл, жаратылыстану

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-турік университеті</b>	<b>УЕ-ХКТУ-III-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Постдокторантуралық бағдарламасының ережесі</b>	<b>17 беттін 7-беті</b>

ғылымдары мамандықтары үшін соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) акпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда кемінде 5 жарияланымы және h-индексі 5-тен кем емес және алеуметтік-гуманитарлық мамандықтар үшін соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және/немесе Scopus акпараттық компаниясының деректер базасында индекстелген журналдардағы 2 жарияланым және h-индексі кемінде 2 болуы керек.

7.4. Ғылыми көнеші постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге және бекітуге катысады, оның ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді.

7.5. Постдокторантуралық бағдарламасының ережесінде оның ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ретінде есептеледі.

7.6. Постдокторантуралық бағдарламасының ережесінде оның ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ретінде есептеледі.

7.7. Постдокторанттың педагогикалық жұмыспен айналысуга құқығы бар, бұл ретте оку жүктемесінің көлемі 0,5 шаттық бірлікті аспауы керек. Постдокторанттың оку жүктемесіне 5 ECTS аспайтын бір пән (әдетте, магистратура немесе докторантуралық оку жоспары пәні) және дипломдық жұмыстарға, сондай-ақ, ғылыми зерттеу бағыты бойынша кемінде 1 докторлық және (немесе) 2 магистрлік диссертацияларға жетекшілік ету кіреді.

7.8. Постдокторанттар университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен ай сайынғы шәкіртақымен қамтамасыз етіледі.

7.9. Постдокторанттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және ғылым және стратегиялық даму вице-ректорының келісімі бойынша ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына катысуға құқылы.

7.10. Постдокторанттарға жыл сайын 30 (отыз) күнтізбелік күндік демалыс беріледі.

7.11. Нормативтік ішкі құжаттарға сәйкес жылына 1 (бір) рет ұзақтығы 7 (жеті) күннен аспайтын ғылыми іссапарға өз қаражаты есебінен шығуға құқылы. Постдокторантуралық бағдарламасының ережесінде көрсетілген негізгі талаптардан тыс Web of Science деректер базасында алғашкы екі квартильге кіретін (Q1 және Q2) және/немесе SCOPUS деректер базасында Cite Score бойынша кемі 75 процентиль болатын ғылыми журналда 2 немесе одан көп мақала жариялау шартымен іссапар қаражаты Университет есебінен төленеді.

7.12. Университеттің зертханалық жабдықтарына, әлемдік акпараттық ресурстарға және кітапхана қорларына тегін және шексіз қолжетімділікке ие болады.

## **8. ПОСТДОКТОРАНТАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТУ**

8.1. Постдокторанттар қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде келесі бөлімдердің қамтины постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді:

- Ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспары;
- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) акпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар жоспары;
- Шетелдік іссапарлар жоспары (конференцияларға катысу).

8.2. ПЖЖЖ ғылым комитетінде талқыланып, кафедра менгерушілері мен факультеттің декандары және ФЗИ/ФЗО директорларымен бекітіледі.

8.3. ПЖЖЖ постдокторантуралық бағдарламасын өту үшін негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын пысықталуы мүмкін.

8.4. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары жылдар бойынша бөлінетін постдокторантуралық бағдарламасын өтудің барлық кезеңіне әзірленеді. Жұмыс жоспарында ғылыми зерттеу тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Постдокторанттың ғылыми жарияланымдарының жоспары шамамен жарияланатын тақырыптарды, жұмыстарды жариялау жоспарланған ғылыми басылымдардың атауларын, басылымдар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін қамтуы керек.

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторанттура бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттің 8-беті</i>

8.5. Постдокторанттардың ғылыми жұмысының мониторингін ұйымдастыру мақсатында постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы кафедрада, ФЗИ/ФЗО-да сондай-ақ, бір данасы Ғылым департаментінде постдокторанттың жеке іс папкасында сақталады.

8.6. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарларының уактылы дайындалуы, бекітілуі және толық орындалуына постдокторанттар, ғылыми кеңесшілер және кафедра менгерушілері мен ФЗИ/ФЗО басшылары жауапты.

## **9. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУ ТАЛАПТАРЫ**

9.1. Постдокторант оку жыларының сонына дейін, яғни 15 маусымнан кешіктірмей кафедралар мен факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде басылымға тапсырылған/қабылданған жарияланымдарды көрсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Есепке жоба жетекшісінің атынан постдокторанттың мінездемесі қоса беріледі.

9.2. Постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестаттау түрінде бақылау жүргізіледі.

9.3. Постдокторант үшінші жыл аяқталуының қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысады ұзарту туралы өтініш бере алады. Бұл өтінішті Комиссия оны постдокторантуралы іске асыруға қатысатын бөлімшениң басшысы колдау көрсеткен жағдайда қарайды.

9.4. Постдокторанттың қызметін бағалау кезінде зерттеу жұмысының нәтижелері, университеттің ғылыми-білім беру қызметіне қатысуы, постдокторантуралы іске асыруға қатысатын бөлімшениң қызметіне жалпы қатыстырығы ескеріледі.

9.5. Постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін аралық аттестаттау Ғылым департаментінің қызметкерлерінің міндетті қатысуымен жыл сайын кафедралар мен факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде және постдокторанттың Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының дереккорында кемінде үшінші квартильде индекстелетін және нөлдік емес әсері бар және Scopus деректер базасында кемінде үшінші квартильде (Q3) индекстелетін журналдарда бірінші жылдың қорытындысы бойынша кемінде 2 (екі) макала, екінші жылдың қорытындысы бойынша 2 (екі) макала және үшінші жылдың қорытындысы бойынша 3 (үш) макала дайындаған кезде өткізіледі.

Егер макала жарияланған журнал Scopus және Web of Science дереккорларының 1-квартиліне (Q1) енген жағдайда, бір макала екі деп есептеледі. Постдокторанттар жариялаған макалаларында «Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің» аффилиациясын постдокторанттура бағдарламасын өту кезеңінде көрсетуі міндетті.

9.6. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша постдокторантуралы жалғастыру немесе тоқтату және постдокторантка ай сайынғы стипендияны одан әрі төлеу немесе тоқтату туралы шешім қабылданады.

9.7. Постдокторанттар Ғылым департаментіне жүргізілген зерттеулер туралы жылдық есептің кафедра менгерушілерімен немесе ФЗИ/ФЗО басшыларымен расталған бір данасын ұсынады.

9.8. Постдокторанттардың қорытынды аттестаттауы постдокторантурага түсken кезден бастап үшінші жылдың сонында кафедралар мен факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде Ғылым департаментінің қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен өтіп, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасына сәйкес нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus жүйесінде индекстелген халықаралық ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдардың есебін ұсынуды және көпшілік алдында ғылыми баяндама жасауды қамтиды.

<b>Коңза Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-111-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Постдокторанттура бағдарламасының ережесі</b>		<b>17 беттің 9-беті</b>

9.9. Постдокторанттардың корытынды ғылыми есебі келесі шарттар орындалған жағдайда қорғауға жіберіледі:

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) деректер базасына сәйкес нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus дереккорларында үшінші квартильден (Q3) төмен емес индекстелген журналдардағы кемінде 7 (жеті) жарияланым. Жарияланымдар саны, егер осы Қағиданың 9.5-тармағының шарттары орындалса, көрсетілген мөлшерден төмен болуы мүмкін.

9.10. Постдокторанттың баяндамасы көшілік алдында ғылыми пікірталас сипатында ұсынылып және ғылыми этика принциптерін сактауы кажет. Бұл ретте ғылыми-тәжірибелік сипаттағы нәтижелердің, корытындылар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі жан-жақты сарапталуға тиіс. Кафедра менгерушілері немесе ФЗИ/ФЗО басшылары постдокторант ұсынған ғылыми есептің сараптамасының сапасы мен объективтілігіне, қабылданған шешімдердің негізділігіне жауап береді. Кафедралар мен факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісі ашық дауыс беру арқылы постдокторанттардың корытынды аттестаттауы туралы екі шешімнің бірін қабылдайды:

- Аттестаттау;

- Аттестаттамау.

9.11. Постдокторанттардың корытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген үлгідегі хаттамамен ресімделеді және әрбір постдокторант үшін дербес толтырылады. Хаттаманың барлық парактары номірленеді. Хаттаманы кафедралар мен факультеттердің және ФЗИ/ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінің хатшысы толтырады және мәжіліске қатысқан мәжіліс төрағасы мен З мүшесі қол қояды. Мәжілістен кейін барлық хаттамалар Ғылым департаментіне, одан кейін белгіленген тәртіpte сактау үшін университет мұрагатына тапсырылады.

9.12. Постдокторант аралық және корытынды аттестаттаудан өтуі үшін атқарылған жұмыс туралы есепке енгізілген жарияланымда бірнеше постдокторант автор болған жағдайда, жарияланым тек бірінші авторға есептеледі.

9.13. Постдокторанттардың корытынды аттестациясын жалпы ұйымдастыру мен бақылауды университеттің кафедра менгерушілері, ФЗИ/ФЗО директорлары, факультет декандары және Ғылым департаменті жүзеге асырады.

## 10. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

10.1. Университеттің постдокторанттары, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Зандарымен, ҚР БЖМ-нің нормативтік құқықтық актілерімен, университет Жарғысы және ішкі ережелермен белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

10.2. Постдокторанттар жеке жұмыс жоспарында қарастырылған барлық жұмыс түрлерін уақытылы және сапалы орындауға міндетті.

10.3. Постдокторанттардың міндеттері:

- Жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды белгіленген мерзімде тапсыру;

- Есеп беру мерзімдерін сақтау (орындалған ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы, тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік тағылымдамадан өту туралы және т.б.);

- Терінің, тұргылықты мекен-жайының және байланыс деректерінің өзгеруі туралы университеттің тиісті әкімшілік болімдерін уақытылы хабардар ету;

- Белгіленген мерзімде қорытынды аттестациядан өту;

- Постдокторанттура бағдарламасын аяқтағаннан кейін университетте кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істей және (немесе) кемінде 3 (үш) жыл бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Scopus немесе Web of Science) жылына кем дегенде 1 ғылыми

<i>Којса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>YE-XKTU-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Постдокторантуралық бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттің 10-беті</i>

жарияланымда университет аффилиациясын көрсету (Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University).

10.4. Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамаудың байланысты постдокторантуралық бағдарламасынан шығарылған жағдайда, университеттің постдокторантуралық бағдарламасынан өту кезеңінде жұмсаған қаражатты университетке өтейді.

10.5. Постдокторантуралық бағдарламаларын іске асыру процесінде туындастырылған барлық даулар Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10.6. Университет постдокторанттарының осы Ережеде көзделмеген басқа да құқықтары мен міндеттері КР-ның нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## **11. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ**

11.1. Постдокторантуралық бағдарламаларын іске асыру университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ФЗТКЖ) арналған бағдарламалар мен гранттар шенберінде қаржыландырылады.

11.2. Постдокторантуралық бағдарламалары ұзак мерзімді (корытынды аттестаттау нәтижелеріне сәйкес Сараптама комиссиясының ұсынысы бойынша 5 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 жыл) және университеттің бюджетінен тыс қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады.

11.3. Бюджеттен тыс қаржыландыру тәмендегілер бойынша пайдаланылады:

- Университеттің постдокторанттарға шекіртакы төлеуі;
- Жылына бір реттен жиі емес 7 күнге дейін шетелде халықаралық ғылыми конференцияға катысуға байланысты шығыстарды өтегу.

11.4. ФЗТКЖ қаражаты тәмендегілерге пайдаланылуы мүмкін:

- Ақпарат көздерімен камтамасыз ету, жабдықтарды пайдалану және т.б.;
- Алыс шет елдердегі әлемнің жетекші ғылыми орталықтары мен университеттеріне консультациялар мен бірлескен зерттеулер үшін іссапар шығындары.

## **12 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ**

12.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХКТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

12.2 СМЖ күжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

## **13 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

13.1 Бұл Ереже Университет Сенатының мәжілісі шешімімен бекітілді.

13.2 Осы Ереженің бакылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Ғылым департаментінде сакталады.

13.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылым департаментіне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары кажетті занды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде институттар, факультеттер мен кафедраларға жолданады.

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>YE-XKTU-III-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</i>		<i>17 беттің 11-беті</i>

**КЕЛІСІЛДІ:**

Фылым және стратегиялық даму  
вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар  
вице-ректоры

Пусат Пилтен

Стратегиялық даму, рейтинг  
және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Қ.Тубеков

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-ІІІ-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Постдокторантурға бағдарламасының ережесі</b>	<b>17 беттің 12-беті</b>

## ҚОСЫМША 1

*Ф-FB-002/006*

### Постдокторантурға бағдарламасы бойынша конкурсқа жоба жетекшісінің отінімі

\*барлық жолдар толтырылуға міндетті

1	Жоба жетекшісінің ТАӘ	
2	Жоба жетекшісінің қызметі және жұмыс орны	<i>FЗИ, Кафедра және факультеттің корсету</i>
3	Жоба жетекшісінің байланыс нөмірлері	<i>Электронды мекен-жайын және ұялық телефон номірін корсету</i>
4	Ғылыми-зерттеу жобасының атауы, қысқаша мазмұны, университет үшін жобаның өзектілігі	<i>Университеттің рейтингін жоғарылату және оның бөсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ғылыми бағыттың басымдылығын негіздеу</i>
5	Постдоктарды қажетті бірліктер санын көрсете отырып, F3Ж орындау үшін тарту қажеттілігін негіздеу	
6	Іздешушіге басшы тараапынан қойылатын талаптар (мамандық, құзыреттілік, жұмыс тәжірибесі, ғылыми өлшеу көрсеткіштері, баскалар)	<i>Білім саласы, қосымша тілдерді білу, h-индекс, жарияланымдар саны, халықаралық жобаларга қатысу және т.б.</i>
7	Конкурс женімпазына арналған жұмыс жағдайы, F3Ж ерекшеліктері	
8	Бөлімшенің басылымдық ерекшеліктері	
9	Постдокты жобалық жұмысқа қосуға мүмкіндік беретін зерттеу жобаларының, ағымдағы колданыста бар гранттардың немесе келісімдердің (келісім-шарттардың) болуы	

<i>Көжә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>UE-XKTU-III-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</i>		<i>17 беттің 13-беті</i>

**ҚОСЫМША 2**  
*Ф-FB-002/007*

**Постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа  
ізденушінің өтінімі**

\*барлық жолдар толтырылуға міндettі

1	Тегі, аты, әкесінің аты	
2	Туган күні	
3	Өтініш беруші аспирантурада және/немесе докторантурада оқыған жоғары оку орнының атауы	
4	Аспирантураны және/немесе докторантуралық мәрзімі	
5	Қорғалған диссертация тақырыбы	
6	Ғылыми дәрежесі	
7	Ғылыми дәрежені беру күні	<i>Ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе PhD дипломының қошірмесін қоса беру керек. Ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орын тіліндегі куәландырылған аудармасымен бірге болуы керек.</i>
8	Рейтингтік журналдардагы басылымдардың жалпы саны	<i>Web of Science, Scopus деректер базасынан скриншотты журналдың импакт-факторы туралы ақпараттен бірге салызыз</i>
9	Web of Science, Scopus деректері бойынша құжаттарды тапсыру кезіндегі Хирша Индексі	
10	Қаржыландыру көзін көрсете отырып, конкурсқа қатысушы жүзеге асыратын ғылыми жобалар туралы ақпарат	
11	Конкурс қатысушысы қазіргі кездे жұмыс істейтін үйымның атауы	
12	Индексі көрсетіле отырып ұйымның пошталық мекен-жайы	
13	Қызметі	
14	Электронды пошта мекен-жайы	
15	Байланыс телефоны	
16	Басқа үйымдардагы жұмыс тәжірибесі	
17	Жалпы енбек өтілі	
18	Ағылшын тілін білу деңгейі	
19	Конкурсқа қатысушының өтінімдегі ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыруға келісімі	
20	Жоба бойынша жоспарланатын жұмыстың аннотациясы. Жоба жетекшісі беретін тақырып пен бағыт	

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-III-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>		<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантура бағдарламасының ережесі</i>		<i>17 беттің 14-беті</i>

### ҚОСЫМША 3

*Ф-ГБ-002/008*

#### Тұйіндеме – ғылыми паспорт

Конкурсқа қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	
Тұған күні	
Конкурсқа қатысушы оқыган, тағылымдамадан өткен, жұмыс істеген жетекші шетелдік және қазақстандық жоғары оку орнындары мен ғылыми ұйымдар (жоғары оку орнының немесе ғылыми ұйымның атауы, ел, қала, оку мерзімі, тағылымдама, жұмыс (аа-жәжәк бастауы –аажәжәк- аяқталуы)).	
Конкурсқа қатысушының ғылыми жұмысын орындау <b>тәжірибесі</b> (Жобалардың толық атауы (5-тен көп емес), қатысушы қатысқан, жоба жүзеге асрылған ұйым, жобаның шығарылған жылы (жылдары).	
Конкурсқа қатысушының ғылыми қызметіндегі <b>қоғамдық мойындалуы және жетістіктері</b> (сыйақылар, медальдар, дипломдар, патенттер, ноу-хау және т.б.).	
Конкурсқа қатысушының <b>басты дағдылары</b> (қандай білімдер мен дағдылар жиынтығын менгергениңді көрсетіңіз).	
Жетекші ғалымдар ұсынымдарына <b>сілтеме</b> .	
Қосымша ақпарат - конкурсқа қатысушының калауымен ұсынылады.	

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-III-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантуралық бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттің 15-беті</i>

## ҚОСЫМША 4

*Ф-ҒБ-002/009*

### КҮНТІЗБЕЛІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

\*Жұмыстардың атауы, оларды жүзеге асыру мерзімі және нәтижелері

Кезең №	Жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері	Орындалу мерзімі		Күтілетін нәтиже
		басталуы	аяқталуы	

Жоба орындаушысы  
Аты-жөні  
Қолы

<i>Коңжы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантурा бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттін 16-беті</i>

## ҚОСЫМША 5

Ф-СМБ-004

## Танысу парагы

<i>Коңжы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХКТУ-111-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Постдокторантурा бағдарламасының ережесі</i>	<i>17 беттін 17-беті</i>

ҚОСЫМША 6

Φ-СМБ-002

## Өзгертулерді тіркеу параграфы